

тездетеді. Тездетілген амортизацияда әртүрлі есептеулер әдістері қолданады, олардың ішінде: екі еселеніп төмендетілетін амортизациялық алынулар және жылдық сомма әдісі.

Оларды жеделдетілген амортизация әдісі деп атайды, өйткені олар тозудың есептелуін тездетеді, оларды қолдануда негізгі құралдардың объектісінің қанаушының бастапқы кезеңде амортизацияны алып тастау көлемі, амортизацияны есептеуде біркелкі әдісін қолданудан қарағанда көбірек. Бірақ, бұл өсулер қанаудың кезеңі өткенге дейінгі әдісінің төмен алынулардан өтеледі. қанауланған мерзімнің уақыты ішінде есептелген барлық амортизацияның көлемі объектінің амортизацияланған құнына әрқашанда бірдей және тең [4].

Амортизациялық алынуларды екі еселенген төмендету немесе регрессивті әдісі, көбірек таратылған. Негізгі капиталдың баланстың қалдық құнынан бекітілген пайыздарының негізі ретінде амортизацияланған алынуларды анықтайды. Сонымен қатар, жоғарғы норма амортизацияның нормасынан екі есе өседі де оны амортизацияны біркелкі есептеуде қолданылады; балансты төмендететін әдісі, бірінші жылы амортизацияның нормасын, екінші жылы қалдық құнның алынуларын 20% екі еселеуге ұсынады; «сандық жиынтық» немесе «жылдық сома» немесе «кумулятивтік әдіс» амортизацияның жылдық нормасын санға бөлу жолымен, негізгі капиталдың қызмет ету біткенге дейінгі мерзімін, негізгі капиталдың қызмет ету соммасына бөлеміз.

-
1. Баймуханова С.Б Қаржылық есеп
 2. en.wikipedia.org/.../Revaluation_of_fixed_assets
 3. revolution.allbest.ru/.../00066425.html
 4. www.lib.ua-ru.net/diss/cont/85093.html

Рыночная система управления требует более полной оперативной и комплексной информации по основным средствам. Учет должен быть построен таким образом, чтобы из него можно было получить любую информацию, а не только отчетную. Поэтому имеет смысл совершенствование учета основных средств вести по двум направлениям. Во-первых, работать над тем, чтобы как можно быстрее получать необходимую информацию по основным средствам.

The purpose of a revaluation is to bring into the books the fair market value of fixed assets. This may be helpful in order to decide whether to invest in another business. If a company wants to sell one of its assets, it is revalued in preparation for sales negotiations. It is common to see companies revaluating their fixed assets. It is important to make the distinctions between a 'private' revaluation to a 'public' revaluation which is carried out in the financial reports.

А. Разимбаева

ЖАЛ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕНШІК ЕСЕБІ

"Жалға беру" деген №17 Халқаралық қаржылық есеп стандартына сәйкес қаржылық жал - бұл мүлікке берілетін меншік құқығымен байланысты табыстылық пен тәуекелдің едәуір бөлігін жалгерге табыс ету. Бұл орайда жалгер жалданған мүліктерді өзінің балансында көрсетеді. Меншік құқының өзі жал мерзіміне берілуі де, берілмеуі де мүмкін. Жалданған НҚ объектілері белгіленген келісім бағасы бойынша немесе жалдау мерзімі аяқталғанға дейін өтемі төленіп алынған жағдайда, жалгердің меншігіне берілуі мүмкін.

Жалдау – бұл кәсіпорындар мен өзге мүліктік кешендер арасындағы шартқа негізделген түрде жерді, өзге табиғи ресурстарды және жалгердің шаруашылық немесе өзге қызметті өз бетінше жүзеге асыруына қажетті мүліктерді мерзімді, қайтарымды түрде пайдалануы. Жалдау нәтижесінде жалға беруші мен жалгер арасында жалдау шартына негізделген қатынастар пайда болады.

Ұзақ мерзімді жалға алынған негізгі құралдар жалдау мерзімі аяқталған бойда немесе ол аяқталғанға дейін жалгер шартта келісілген өтемін төлеу бағасын түгелдей енгізген болса, негізгі құралдар жалгердің меншігіне өтеді. Олар тиісінше 2400-2410-шоттарындағы «Ұзақ мерзімді жалға алынған негізгі құралдар» субшотында ескеріледі. Жалгер операциялық жалгерлік бойынша иелік ететін жылжымайтын мүлік, мұндай жылжымайтын мүлік барлық қалған жағдайларда жылжымайтын мүлікке инвестициялар ұғымына сай келсе және жалгер активті тану үшін әділ құн бойынша есеп моделін пайдаланса, жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде жіктеле және есепте көрсетіле алады. Жіктеудің мұндай нұсқасы объектілік негізде мүмкін болады. Алайда операциялық жалгерлік шарты бойынша жалгердің иелігінде тұрған жылжымайтын мүліктің бір осындай объектісі үшін жіктеудің осы нұсқасы таңдап алынса, жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде жіктелетін бүкіл жылжымайтын мүлік әділ құн бойынша есеп моделін пайдалану арқылы ескерілуге тиіс.

Баланстық құн – ол бойынша актив баланста танылатын сома.

Өзіндік құн – төленген ақша қаражаттарының немесе олардың баламаларының сомасы немесе оны немесе ғимаратты сатып алу кезінде активті сатып алу мақсатында берілген басқа өтемінің әділ құны немесе мұны қолдануға болса, басқа Халықаралық стандартқа, мысалы, 2-«Акцияларға негізделген төлем» IFRS нақты талаптарына сәйкес бастапқы тану кезіндегі осы активке жатқызылған сома.

Әділ құн - бұл осындай операцияны жасағысы келетін, жақсы хабардар, тәуелсіз тараптардың арасында актив айырбасталуы мүмкін сома. Жылжымайтын мүлікке инвестициялар жалгерлік төлем немесе капитал құнының өсуінен кірістер, не соны да, басқасын да алуға арналған. Сондықтан жылжымайтын мүлікке инвестициялар түсетін ақшалай тасқындар, әдетте, кәсіпорынның қалған активтерімен байланысты болмайды. Бұл жылжымайтын мүлікке инвестицияларды иеленуші орналасқан жылжымайтын мүліктен өзгешелендіреді. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіру немесе жеткізу (немесе мүлікті әкімшілік мақсаттарда пайдалану) мүлікке ғана емес, өндіру немесе жеткізу процесінде пайдаланылатын басқа активтерге де жатпайтын ақшалай қаражаттарды туғызады. Жылжымайтын мүлікке инвестицияларды бастапқыда нақты шығындары бойынша өлшеу керек. Бастапқы өлшеуге операциялар бойынша шығындарды енгізу керек.

Жылжымайтын мүлікке инвестицияларды сатып алуға шығатын нақты шығындардың құрамына сатып алу бағасы мен кез келген тікелей шығындар кіреді. Тікелей шығындар, мысалы, білікті заң қызметін көрсету құнын, меншік құқығын беруге салынатын салықтарды және операция бойынша өзге де шығындарды қамтиды. Өз күштерімен салынған жылжымайтын мүлікке инвестицияларға нақты шыққан шығындар құрылыс немесе қайта құру аяқталған күнгі нақты шығындарды білдіреді.

Жылжымайтын мүлікке инвестициялар – (қаржылық жалдау шарты бойынша иеленушінің немесе жалға алушының) қарауындағы жылжымайтын мүлік (жер немесе үй, не үйдің бір бөлігі, не сол да, басқасы да), жалгерлік төлемдер немесе капиталдың өсуінен кірістер немесе соны да, басқасын да алу мақсатымен, бірақ: Жылжымайтын мүлікке инвестицияларға жұмсалған шығындарды олар туындаған кезде бағалайды. Мұндай шығындар жылжымайтын мүлікке инвестициялар объектісін сатып алған кезде бастапқыда жұмсалған шығындарды және кейіннен объектіні қосымша жабдықтауға, бөлшегін ауыстыруға немесе жылжымайтын мүлік объектісіне қызмет көрсетуге арналған шығындарды қамтиды. Мысалы, егер кәсіпорын қонақ үйге иелік етіп, оны басқаратын болса, онда тұрғындарға көрсетілетін қызметтер тұтастай келісім үшін маңызды болып табылады. Сөйтіп, иеленуші басқаратын қонақ үй жылжымайтын мүлікке инвестицияны емес, иеленуші орналасқан жылжымайтын мүлікті білдіреді.

1. Жалға берушіде

Жалға берілген кезде негізгі құрал объектісінің құнына Д-т 2411-2417 (жалданған НҚ) К-т 2411-2417 (меншікті НҚ).

Есепті кезең үшін жалдау ақылы есептелген, амортизация мен жалдық пайызды төлеу (ҚҚС-сыз) Д-т 1420 К-т 6280.

ҚҚС сомасына Д-т 1260 К-т 3130 шот-фактураның негізінде.

Негізгі құралдар ағымдағы жалға берілген объектілері бойынша амортизация есептелді Д-т 7450 К-т 2421-2429.

Есепті кезең үшін (ай үшін) жалдық төлемнің келіп түсуі Д-т 1040, 1050, 1010,1020 К-т 1260.

Есепті кезеңнің соңында кірістер жиынтық кірістің кемуіне есептен шығарылады Д-т 6280 К-т 5410 соңында.

Шығыстар Д-т 5410 К-т 7450. 5410-шот бойынша кредиттік сальдо – кіріс.

Егер төлем алдағы бірнеше айға немесе кезеңге төленсе, онда:

- алдағы тоқсанға төленген жалдау ақысының сомасына Д-т 1040, 1050,1010,1020 К-т 1260;

- болашақ есепті кезеңдер үшін жалдау ақысы есептелді (ҚҚС-сыз) Д-т 1260 К-т 3520;

- жалдау ақысынан алынатын ҚҚС сомасына Д-т 1260 К-т 3130.

Басталған есепті кезең бойынша табыс сомасына.

1-айдағы Д-т 3520 К-т 6280.

2-айдағы Д-т 3520 К-т 6280. 3-айдаҒЫ Д-т 3520 К-т 6280.

Жыл соңында кірістер жиынтық кірістің артуына есептен шығарылады Д-т 6280 К-т 5410, шығыс жиынтық кірістің кемуіне есептен шығарылады Д-т 5410 К-т 7450.

Жал мерзімі аяқталған бойда мүлік қайтарылады Д-т 2411-2417/меншікті НҚ К-т 2411-2417/жалданған НҚ.

2. Жалгерде

Ағымдағы жалға алынған НҚ құнына Д-т 001.

Салық шот-фактурасының негізінде, амортизация бөлігінде есепті кезеңге есептелген жалдау ақысы Д-т 7210, 7110, 8047, К-т 3540.

Жалдық % бөлігінде жалдау ақысы есептелген Д-т 7310 К-т 3380.

Жалдау ақысынан ҚҚС сомасына (үйлерден басқа) Д-т 1420 К-т 3390.

Алынған ҚҚС - ҚҚС бюджетке төлеудің кемуіне Д-т 3130 К-т 1420.

Жалдау ақысы аударылған:

а) амортизация бөлігінде Д-т 3390 К-т 1040, 1050, 1010, 1020

б) жалдық % бөлігінде Д-т 3380 К-т 1040,1050,1010,1020.

Жыл соңында ағымдағы жалдаудың % бөлігіндегі шығыстары жиынтық табыстың кемуіне есептен шығарылады Д-т 5410 К-т 7310.

Жалдау мерзімі аяқталған бойда жалданған НҚ объектілері қайтарылады К-т 001.

Егер жалдау ақысы тоқсанға алдын ала төленсе, Д-т 2920 К-т 1040, 1010.

Есепті айға келетін ай сайынғы үлес:

а) амортизация бөлігінде Д-т 8047, 7110, 7210 К-т 2920.

ә) жалдық % бөлігінде Д-т 7310 К-т 292

Қорыта келе бүкіл әлемде көптеген кәсіпкерлер бизнес үшін қажетті мүліктерді меншікке емес, жалға алғанды жөн көреді.

Жалгерлік, бірінші кезекте кепіл есебімен несиелеу элементтері, дамыған нарық қатынасына тән әр түрлі қаржылық механизмдер және қарыз міндеттемелері бойынша есеп айырысулар кездесетін келешекті қаржыландырудың арнайы қосымша көзі ретінде енгізіледі.

Жалға беруші – жалдау шарты мүлікті жалға беретін меншік иесі. Мүлікті жалға беруге меншік иесі өкілеттік берген органдар мен ұйымдар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар жалға беруші бола алады.

1. ҚР-ның «Бухгалтерлік есеп және қаржы есебі» туралы заңы 24.06.2002.

2. «Жал есебі» №17 Халықаралық қаржылық есеп стандарты

3. «Инвестициялық меншік» №40 Халықаралық қаржылық есеп стандарты

4. Рахымбеков Құдайбергенов Киеулімжиев. «Қаржылық есеп»

5. Баймуханова С.Б., Балапанова Ә.Ж. Бухгалтерлік есеп. – Алматы, «Қазақ университеті» 2002.

6. Баймуханова С.Б Қаржылық есеп. – Алматы, «Экономика баспасы» ЖШС 2007ж. 138-142 б.б

Аренда – арендное соглашение (договор) между арендатором арендодателем, в соответствии с которым арендатор получает право владения объектом аренды за плату на определенный период времени.

Lease – a lease agreement (agreement) between the lessee by the lessor, whereby the lessee obtains ownership of the subject lease for a payment for a certain period of time.

Б. Баимбетова

ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ ЖҮЙЛЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өзіндік құнды калькуляциялау жүйелері мақсатты шығындардың түрлеріне және күрделілігіне тікелей байланысты. Калькуляциялау жүйелерін келесідей түрде жіктейді:

- өзіндік құнды тікелей калькуляциялау жүйесі;
- шығындарды есептеудің әдеттегі жүйесі;
- өзіндік құнды калькуляциялаудың функционалдық жүйесі.

Шығындарды толық бөле отырып өзіндік құнды калькуляциялау (абзорпшен костинг) – бұл сатылған өнім мен қоймадағы өнім қалдықтары арасындағы барлық өндірістік шығындарды бөле отырып, өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдісі. Калькуляция сыртқы пайдаланушылар үшін пайда және зиян туралы есептілікті дайындау үшін қолданылады. Осы калькуляциялау жүйесіне альтернативті жүйе – айнымалы шығындар бойынша калькуляциялау жүйесі. [1]

Айнымалы шығындар бойынша өзіндік құнды калькуляциялау (директ немесе верибл костинг). Бұл әдіс кезінде тек айнымалы өндірістік шығындар ғана өнімге кеткен шығындар (қор сыйымды шығындар) ретінде беріледі, ал айнымалы өндірістік шығындарды бір кезеңге жұмсалған шығындарға жатқызады. Директ костингті пайдалану арқылы дайындалған пайдалар мен шығындар туралы есеп ішкі есеп беруге қолданылады. Бұл есепте маржиналды табыс көрсетіледі, ол табыс пен барлық айнымалы шығындар арасындағы айырмашылықты білдіреді.

Екі есеп жүйесінің қолданылудың алынатын пайда мөлшеріне әсерін келесі кесте ретінде көрсетуге болады.

1-кесте

Абзорпшен костинг және директ-костинг жүйелерін қолдану ерекшеліктерінің пайдаға әсері

Өндіріс және сату көлемдерінің арақатынасы	Пайда мөлшеріне әсері
Өндіріс көлемі сату көлеміне тең болса	Операциялық пайда екі калькуляциялау жүйесінде бірдей болады
Өндіріс көлемі сату көлемінен артық болса	Абзорпшен костингті пайдаланған жағдайда тұрақты өндірістік үстеме шығындардың бір бөлігі сатылмай қалған қорлар құнының құрамында кіреді. Яғни, алынатын пайда мөлшері жоғары болады.
	Директ-костингті пайдаланған жағдайда тұрақты өндірістік үстеме шығындар кезең шығындарына жатқызылады, сәйкесінше алынатын пайда мөлшері төмен болады.
Сату көлемі өндіріс көлемінен артық болса	Абзорпшен костингті пайдаланған жағдайда тұрақты өндірістік үстеме шығындар толығымен сатылған өнімдердің өзіндік құнына қосылады, яғни, алынатын пайда мөлшері төмен болады.
	Директ-костингті пайдаланған жағдайда тұрақты өндірістік үстеме шығындар кезең шығындарына жатқызылады, сәйкесінше алынатын пайда жоғары болады.